

№10 Лекция XVII-XVIII ғғ. Батыс Европа өнерін саралау

Дәрістің мақсаты: Батыс Европаның көркемөнер мәдениетіндегі негізгі ерекшеліктері мен сол кезең шеберлерінің шығармашылығын қарастыру.

Кілт сөздер: Тюильри, фасад, апостол, кескіндеме

Дәрістің жоспары:

1. Француз өнері
2. Италиян өнері
3. Голланд өнері

Франция. Версаль. Версаль сарай-саябақ ансамблі - XVIII ғасырдағы қала құрылысына айтарлықтай әсер еткен XVII ғасыр архитектурасының атақты ескерткіші. Версаль ең алғаш құрылыс жұмыстары жүргізілген саябақтан басталады. А. Ленотр есімді король сәулетшісі саябақ астындағы құрылыс жұмыстарын жоспарлауды өз қолына алды. Кейінірек сәулетші Лево мен саябақ құрылысшысы Ленотр жаңа жоба жасап шығарды. Негізгі ойдың бірі барлық кеңістікті бір нүктеден көру мүмкіндігін жүзеге асыру болғандықтан, Версальдің ең ғажап әсерін тек биік нүктеден ғана көруге болады. Саябақ территориясы алдың ала тегістелгендіктен, қоршаған ортаны көру мүмкіндігі зор. Сарай фасадының алдыңғы бөлігінде, атақты Шыны галереясы терезесінің дәл алдындағ ашық кеңістікте симметриялы түрде гранитті жақтаулармен шектелген екі бассейн орналасқан. Бассейн өзінің бетінде табиғаттың бар сұлулығы көрініс табатындығымен көзге түседі. Бассейннің жан-жағы француз корольдігінің су стихиясын сипаттайтын мүсіндермен қоршалған. Бассейндердің артынан Үлкен баспалдақтар арқылы төмен түсеміз. Ол жерде шеңбер түріндегі «Латона субұрқағы» мен оны қоршай орналасқан 4 «антикалық» ваза бар. «Латона субұрқағынан» жасыл алаңға қарай орталық аллея арқылы жетеміз. Алаң түкпірінде Аполлон бейнеленген бассейн орналасқан. «Аполлон субұрқағының» Ш. Лебрениң жоспары юойынша Тюби ескі бассейннің орнына салды. Орталық субұрқақ 25 м биіктікке дейін жететін болған, ал қалған 15 метрлік бұрқақтар француз корольдерінің эмблемасы түрінде атқылайтын болған. Ленотр жоспары бойынша жасалған соңғы бөлшек 1520 метрге созылып жатқан Үлкен канал болды. Версаль сарайының солтүстігінде Солтүстік партер орналасып, «Точильщик» қол мүсіні мен «Присевшая Венера» мүсінімен сәнделді. Солтүстік партерден баспалдақ арқылы «Корона» және «Сирена» бассейндеріне жетуге болады.

Тюильри. Осы жерде қыш зауытының орналасуына байланысты «қыш» сөзінен шыққан. Сарай 1559 жылғы рыцарьлар байқауында күйеуі Генрих II

қайтыс болғаннан кейін, Турнель үйінде тұрғысы келмеген Екатерина Медичи үшін салынған. Бірақ патшайым Тюильриде тұруға да құлышыныс білдірмеді, себебі көріпкел оған Сен-Жермен маңында қайтыс болатындығы туралы болжам айтқан, ал Тюильри Сен-Жермен л'Оксеруа маңында орналасқан. Сарай көптеген француз корольдерінің резиденциясы қызметін атқарып, көптеген тарихи оқиғалардың куәсі болды. Бірақ нәтижесінде Париж коммунасы кезеңінде коммуналдар тарапынан өртелді.

Сәулетші Перро. Ол - француз ғалымы, сәулетші және өнер теоретигі, барокко классицизмінің көшбасшыларының бірі. 1667 жылы Кольбердің бастауымен Луврды кеңейту жұмыстары басталған соң, К. Перро Л.Лево мен Ш.Лебрэнсынды шеберлерді басып озып, осы жұмыстардың жетекшісі болды. Алғашқы кезде ойластырылған жобалардың ішінде негізгі фасад пен Сенадағы оңтүстік фасад қана жүзеге асырылды. Перроның басқа да сәулет құрылыстарының ішінде париж Обсерваториясын(1667-1672) атап өтсек болады.

Лево. Во-ле-Виконт, төрт ұлт колледжі мен Версальдің құрылысы Левоны басқада сәулет өнері шеберлерімен қатар қойды. Егер Мансардың жұмыстарын жаңа ғасырға жатқызатын болсақ, Левоның жұмыстары нағыз «версальдық стильдің» айнасы болып саналады. Сол себепті де осы шебердің есімімен сәулет өнеріндегі ғимараттың сәндік-бейнелеуі мен алаң салу өнерімен тікелей байланыстырады.

Мансар. Мансар сәулет өнерінде сәулетшілер бас иіп, тағзым ететін объектілердің негізін қалап қана қоймай, Қайта Өрлеу дәуірі шеберлеріне тән көркемдік ойлау әлістерінде бекітті. Сөйтіп, XVIII ғасыр сәулет өнеріндегі классицизмнің негізін қалады.

Ленотр. Француз сәулетшісі және дизайнер, Версаль сияқты патша саябақтарының негізін салушы. Әкесінен қызметін мұрлықпен алып, Тюильри бақтарын қайта жөндеуден өткізді. 1656-1661 жылдары Во-ле-Виконттағы жаңа сарай маңынан саябақ салды. 1660 – ж. «Король құрылыстарын бақылау жетекшісі» өызметіне тағайындалып, Сен-Жермен-ан-Ле, Фонтенбло, Шантийи, Сен-Клу және т.б. жерлерде саябақ салды. 1662 ж. шебер Англияға шақырылып, онда Сент-Джеймс және Гринвия саябақтарын ойлап табады.

Никола Пуссеннің шығармашылығы («Царство Флоры», «Аркадские пастухи»). Ресми классицизмнің басымдылығы бейнелеу өнерінде де көрініс тапты. Кескіндемедегі классицизм бағытының негізін қалаушы Никола Пуссен(1594-1665) болды. бұл суретші Римде оқып, жұмыс істеді. Пуссен теоритек те, практик те бола білді. Оның кескіндемешілер мен теоретиктер жиналыгн римдік шеберханасында суретшінің ой-пікірлері қолдау тауып, жылдам таралды. Пуссен арнайы ғылыми трактаттар жазбады, оның

кескіндеменің мақсаты мен мүмкіндіктері туралы ой-пікірлері бізге басқа авторларға жазған хаттары арқылы ғана жетті, оның пікірінше, «қасиетті стиль» өнері 4 элементтен тұрады – мазмұн, түсіндірме, құрылыс және стиль. Бастысы, сюжет пен мазмұнның сұлулығы мен қасиеті. Бұл үшін суретші маңыздыны ескеріп, басқасын ойға алмауы керек. Бейнелеу объектісі сұлулық идеясына дайын болуы керек, бұл дайындықтағы бастысы – реттілік, өлшем мен форма. Реттілік пен форма – Пуссен де, рационализм философиясының негізін салушы Декарт та осы туралы көп айтады: «біз анық және шынайы қабылдайтын заттар». Тек ақыл-оймен жасалған «дайындық» қана, материяны сұлулыққа баулиды. Табиғат өнерде ақылмен қоршалған, «әдеп» ережелерінен тыс бейнеде кездесуі керек. Пейзаж эпикалық күш пен табиғат үйлесімін бейнелеуі керек. Осы сұлулықтың айнасы ретінде құдайлар, батырлар, сатиралар, нимфалар мен керемет адамдар бейнеленген пуссендік Аркадия пайда болған («Царство Флоры», «Аркадские пастухи», «Пейзаж с полифеном»). Ол мифологиядан, Қасиетті Өсиеттен, тарихи өсиеттерден тақырып таңдап алып отырды. Пуссен мықты мінезге, ұлы істерге, ақыл үстемдігі мен әділеттілікке қызықты. Ол ойлануға түрткі болатын, әділдікті тәрбиелейтін сюжеттерді таңдады. Оның ойынша, өнердің қоғамдық міндеті осы. Классицизм кескіндемесінің негізі – туындыны көркемдік ұйымдастырудың өзгермейтін нақты заңдары. Пуссен шығармаларынан анық конструктивті схеманы, негізгі іс-әрекеттің алдыңғы жоспарда жүріп жататынын көруімізге болады. Бейнелеу тілінде форма, сурет және сызықтарға ерекше назар аударылады. Ақылдың фетишизациясы нағыз өнер үшін қауіп тудырды. Есептеу мен шабыттану, рационалдылық пен эмоционалды, интуитивтілік арасындағы тепе-теңдікті табу – өтек күрделі шығармашылық міндет.

Испания. XVII ғасырдағы испан суретшілері караваджизм жолымен жүрді. Испан кескіндемесінңі гүлденуі ғасырдың алғашқы жартысына сәйкес келді. Бұл кезеңде Франциско Рибальта, Хусепе Рибери және Франциско Сурбаран секілді суретшілер еңбек етті. Рибальта(1564-1628) ұлылардың монументалды образымен жұмыс істеу барысында Караваджоға жақын шынайы принциптерді негізге алды. Ол өзінің образдарына портреттік белгілер сыйлады. Хесепе Рибера(1591-1652) натурамен көп жұмыс істеп, балықшылар, тасымалдаушылар, қарапайым шаруалар арасынан колоритті типтер іздеді. Ол үшін ұсқынсыз, бірақ мінезді бет-әлпет те маңызды болды. Оның философтар мен апостолдарды бейнелейтін суреттер сериясында «Демокрит» антикалық образда емес, жыртық киімдегі өмірден опық көрген шал түрінде бейнеленеді. Оның ең атақты туындыларының бірі – «Св.Инесса» - суретшінің өзінің қызына қарап салған аянышты образ. Бұл кескіндемелі

иллюстрацияда христиан дінін қабылдап, көпшілік алдында талаң-таражға салынған, бірақ шашының көмегімен аман қалып, періштелер жабынмен жапқан жас ридік қыз бейнеленген. «Св. Инесса» - еуропалық өнердегі ең аянышты образдардың бірі. Рибераның замандастарының бірі Франсико Сурбаран(1598-1664) – Севильяның басты кескіндемешісі. Оған тапсырыс беретіндер монастырьлар, ғибадатханалар мен діни бірлестіктер болды. Бұл діни суретші ғажайыпқа сеніп, оны өмірдің бір бөлшегі ретінде бейнелейді («Молитва св.Бонавентуры», «Св.Лаврентий», «Св.Касильда»). Оның діни композицияларында экзальтация мен театральды пафос жоқ. Шынайы өмір формалары шынайылықпен көрсетілген Сурбаран кескіндемесі материалды, заттай, бірақ суретші осылайша керемет көркем образ жасай білді. Оның еңбектерінде испан өнерінің бастамасы болған испандық мінез байқалады.

Эль Греко («Толедо в грозу», «Святое семейство»). Испан кескіндемесі ғана емес, барша Еуропа кескіндемесінде ойып тұрып орын алатын қайталанбас ерекше суретші – Эль Греко(1541-1614). Доменико Теотокопули – Крит аралынан келген грек, Италияда оқып, Толедода тұрып, жұмыс істеді. Оның шығармашылығы ақсүйектік, интеллектуалды. Туындылары заманға сай емес ерекшелікпен, қиылмен сипатталады. Ол дінге берілген, бірақ соның өзінде де бір ерекшелік байқалады. Діни сюжеттерде ол адамның рухани әлемін бейнелейді («Взятие под стражу», «Моление о чаше», «Святое семейство»). Оның картиналары жұмбақ. Оның туындыларында кеңістік деформациясы, адамның дене бөлшектері миға қонымсыз түрде бейнеленеді. Эль Греконың образдарында қорқыныш, үрей, бүліну алдындағы әлем, космостық күштердің әсері («Толедо в грозу») бейнеленген. Бірақ бұл образдардан шынайы өмірді көруге болады.

Веласкестің зайырлы кескіндемесі («Менины», «Венера с зеркалом»). Диего де Сильва Веласкестің(1599-1660) шығармашылығы түгелдей дерлік зайырлы тақырыптарға арналған. 40 жыл бойы ол испан королінің бірінші кескіндемешісі болып, монархтардың, оның отбасы мүшелерінің, сарай қызметкерлерінің портреттерін салды. Оны кескіндеме психологы, мінездер кескіндемешісі деп те атайды. Оның картиналарында анық іс-әрекеттер көрсетілмейді, ол өзінің кейіпкерлерінің сезімі мен ойын ашық көрсетуден бас тартады. Барлық күш кескіндеменің сапасына, композициялық архитектурасына, кеңістіктегі құрылымы, колоритке түседі. Суретшінің бейнелері айтарлықтай маңызға ие болмаса да, үлкен көркемдік образдық күшке ие болады. Ол қарым-қатынас, шындықтың әртүрлі жоспарлы негізделу принциптерін пайдаланады. Веласкестің атақты «Менины» картинасы әлемдік кескіндемедегі ең жұмбақ туындылар қатарына кіреді. Оны түсіндіруге

түгелдей бір әдебиет арналған. Алдыңғы бөлігінде орталық көрініс – сарай этикетіне сай инфантаға сусын ұсынып тұрған фрейлиналар. Бұның бәрі сарайдың бір бөлмесінде орын алған іс-әрекет. Ерекше композиция – картина кеңістігі мен шынайы кеңістік жалғасып кетеді. Картинаны инфанта портреті ретінде де, топтық портрет ретінде де, сарай өмірінің жанрлық көрінісі ретінде де, «кескіндеме аллегориясы» ретінде де қарастыруға болады. Веласкестің кескіндеме техникасындағы жаңалығы «Венера с зеркалом» туындысында көрініс тапты. Корольдің қолдауымен ол басқа испан суретшілері тыйым салынған жалаңаш әйел бейнесін салды. Оның Венерасы ерекше, ол арқа тұсынан салынған, ал оның бет-әлпетін амур ұстап тұрған айна арқылы көреміз. Көптеген итальян, француз, фламанд Венераларымен салыстырғанда, оның Венерасы нәзік, жіңішке, жеңіл, бет-әлпеті де сүйкімді. Веласкес Европа кескіндеменің тарихына дарынды колорист ретінде кірді.

Голландия. Кішкентай голландиялықтар. Көркем ойлаудың жаңа тенденциялары пайда болған Голландияда «сюжетсіз» кескіндеме дамыды. 17ғ. өзінде мемлекеттік және қоғамдық өмірде буржуазия маңызды рөлге ие болып, оппозициялық демократиялық қозғалыстар жүріп жатты. Халық испан басымдылығына, феодалдық құрылыс пен католицизм жүйесіне қарсы наразылық білдірді. Қоғамдық-тарихи жағдайлардың әсерінен Голландия өнері басқа өнерлерге ұқсамайтын ерекшеліктерге ие болды. Реформациядан кейін суретшілер шіркеу және бай ақсүйектер кейпіндегі тапсырыс берушілерден айырылып қалды. Олардың туындылары бюргерлердің үйлері мен қоғамдық ғимарттарды сәндейді. Голландия кескіндемесі шынайы өмірмен байланысты, жанрлар жүйесі және тар мамандандырылуымен ерекшеленеді. Пейзажистер, маринистер(тек қана теңізді бейнелейтіндер), қалалық пейзаж, ормандар, жазық түрлерін салатын шеберлер болып жіктеледі. Жанрлық бөлімдер де көп кездеседі, мысалы анималистік жанр(жануарлар бейнесі), интерьер композициялары. Натюрморт гүл бумалараның, қарапайым таңғы ас, тіске басар мен жеміс-жидектер, бағалы ыдыс-аяқтарды бейнелейтін болып жіктеледі. Осындай ақпаратты игерудің жылдам қарқынын XVII ғасыр әдебиетінен де байқауға болады. Тақырыптағы талғамсыздық пен картиналардың кішігірім форматы үшін голланд шеберлері «кішкентай голландиялықтар» аталып кетті. Олардың негізгі тақырыбы – патрициандық, бюргерлік және крестьяндық тұрмысты шынайы өмір жағдайында бейнелеу. Кальвинистік іліммен бекітілген буржуазиялық-республикалық теория бюргердің жеке өмірін көркем бейнелеуге тұратын объект ретінде қарастырды. Суретшілер адамның айналасындағы үлкен әлемді емес, оның тұрғын үйі мен көңіл көтеретін орындарының қабырғаларымен шектелетін тар аймақты ғана бейнеледі.

Хранс Халс(«Веселый пьяница», «Стрелковая гильдия святого Георгия»). Дәуірдің ірі кескіндемешілерінің бірі голландық Франс Халс(шамамен 1580-1666) тек портрет салушы ғана болды. Оның еңбектері салтанатты портреттерге ұқсамайды(«Веселый пьяница»). Ол әртүрлі серіктестік мүшелерінің суреттерін тапсырыс бойынша салып, топтық портрет жанрында еңбек етті(«Стрелкая гильдия св. Георгия», «Стрелковая гильдия св. Адриана»). Халс адамның табиғи болмысы мен мінезіне қызықты. Суретші өзінің моделінің нақты эмоционалдық күші мен өмірлік сипатын мимика, белгі, ым арқылы беруге тырысты. Халс – күлкілі, көңілді кескіндемеші. Оның кейіпкерлері тұйық емес, олар көзқарас пен ым арқылы көрермен назарын аудартады. Халстың таңдаулы туындыларының бірі «Цыганки» образы бостандықты көрсетеді. Ол толқынды шаш пен бастың тік ұсталуын, алдамшы күлкі мен көз жанарының ойнақылығын мақтан тұтып көрсетеді. Сыған қызы бейнеленген фонда оған сән беріп тұр. Бұл туынды Батыс Европа кескіндеме өнеріндегі жаңа даму жолының негізін салады.

Вермер Делфтский («Девушка, читающая письмо», «Вид Делфта»). Жанрлы картинаның жаңа концепциясы өнер тарихында Вермер Делфтский(1632-1675) есімімен белгілі Ян Вермерде туындады. Суретші жеке эпизодтардан гөрі, адам мен оны қоршаған орта бейнеленетін микроәлемді салуды дұрыс деп есептеді(«Девушка, читающая письмо», «Офицер и смеющаяся девушка», «Женщина у окна»). Оның кейіпкерлері - белсенді әрекет ететін адамдар емес, поэтикалық сезім иелері. Оның картиналарының негізгі жетістігі - кескіндеменің байлығы, түс пен ауаны жеткізу қабілеті. Вермер 17ғ. суретшілерінің ішінде бірінші болып натурадан пейзаж салды(«Вид Делфта», «Улочка»). Бұл пленэрлық кескіндеменің алғашқы үлгілері. Бұл дарынды голандиялық кескіндемешінің шығармашылығы нәзік колоритімен, ерекше талғам мен филигранды техника арқылы ерекшеленеді. Осы құралдардың көмегімен суретші образдың поэтикалық сипатына, бүтіндігі мен сұлулығына қол жеткізді. Ерекше назар жарық және ауа ортасына аударылды. Вермердің көркемөнер мұрасы айтарлықтай бай емес, себебі ол бір туындымен ұзақ уақыт бойы жұмыс істейтін болған. Вермердің туындыларының көп бөлігінің тақырыбы музыкамен байланысты: лютня, спинет немесе гитарада ойнап отырған әйел. Мысалы: «Урок музыки» картинасы. Әсіресе, «Девушка с письмом» картинасының композициясы үйлесімді. Бөлме интерьері суық күн сәулесіне боялған. Терезе алдында хат оқып сұлу әйел тұр. Суретші тыныштық пен сабырлықты бере алды.

Рембрандт («Снятие с креста», «Ночной дозор»). Голландиялық тұрмыстық жанрдың дәстүрлі формаларына деген ашық контраст Харменс ван Рейн Рембрандтың(1606-1669) көркемөнер концепциясы болды. Оның өнерінің

негізгі тақырыбы – шешішу сәттердегі адам өмірі. Ол күрделі драмалық коллизия, сезімдер араздығы пен этикалық принциптерге негізделген библиялық және мифологиялық сюжеттер арқылы көрініс тапты («Отречение апостола Петра», «Давид и Саул», «Жертвоприношение Авраама»). Рембрандт өзінің өнерінде адам тұлғасының адамгершілік сипаты мәселесін негізге алды. Оның образдары психологиялық тұрғыдан көп қырлы, ол ой мен сезімнің ең нәзік түрлерін бере алады. Рембрандт туындыларының спецификалық сипаты оның кейіпкерлерін қоршаған эмоционалды ортаны жеткізеді. Рембрандт картиналарында сыртқы іс-әрекет аз. Басты назар образ немесе әрекеттің ішкі мазмұнына аударылған. Тіпті портрет жанрының өзінде де Рембрандт өмірбаянның орнын ауыстыруға қабілетті образ психологиясының сипатын жасай алады («Портрет старика в красном», «Автопортрет с Саскией на коленях»). «Ночной дозор» аталатын топтық портретте ол жанр шекарасын кеңейтіп, тарихи картинаны назарға ұсынды. Топтық портрет драмалық әрекеттің зейініне ие болады: белгі бойынша капитан Баннингтің ротасы шабуылға шығады. Атқыштардың бет-әлпеті энергияға, патриоттық сезімге, азаматтық рухқа толы. Топтық портретте Рембрандт Голландия Республикасы кезеңінің батырлық образын жасайды. Рембрандт шығармашылығының жеке саласы – сурет пен гравюра. Ол 2000-нан астам сурет салды. Әсіресе офортпен көп жұмыс істеді. Рембрандт офорт техникасын жаңа әдістермен толықтырды. Әсіресе, «Слепой Товит», «Снятие с креста», «Три креста» туындылары танымал. Рембрандт шығармашылығының эпилогы ретінде ризашылық пен кешірімге ие болған адасқан ұлдың қайтып оралуы туралы евангелиялық өсиет негізінде салынған «Блудный сын» туындысын айтсақ болады. Рембрандттың шығармашылығы өзінің замандастары мен келесі кезеңі суретшілеріне үлкен әсерін тигізді.

1. Бақылау сұрақтары

1. Версаль мысалында Франциядағы саябақ өнерінің дамуы
2. Перро, Лево және Мансар сәулетшілердің еңбектері
3. Николя Пуссен шығармашылығы
4. Сурьяран, Хусеп Рибера, Эль Греко шығармашылықтары
5. Веласкестің кескіндемесі.
6. 17ғ. голландиялық кескіндемешілерді «кішкентай голландиялықтар» атауының себебі
7. Вермер Делфтскийдің шығармашылығы
8. Рембрандт картиналарының негізгі тақырыбы

2. Эдебиеттер:

1. Голландская жанровая живопись 17 века в собрании Государственного Эрмитажа – М.: Изобразительное искусство, 1976.
2. Мастера мировой живописи: Великие художники XI-XVIII века/ Под ред. Е.Д. Федотовой. – М.: Белый город, 2002
3. Пуссен: Альбом/ Сост.: М.М. Щетинский. – 2-е изд. – М.: издательский дом «Равновесие», 2007
4. Большая иллюстрированная энциклопедия истории искусств. – М.: Махаон, 2007.